



БҰЙРЫҚ

01.06.2015 ж. № 88

Павлодар қаласы

**Банкроттық басқарушыны тағайындау
бұйрығын күшін жою туралы**

ПРИКАЗ

город Павлодар

Павлодар облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2015 жылдың 26 қаңтардағы № 2-316/2015ж шешімінің негізінде, Павлодар облысының сотының әкімшілік істер және Апелляциялық азаматтық істер жөніндегі сот алқасы қаулысы 2015 жылдың 12 мамырдағы № 2а-975 негізінде, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Мука Павлодара» ЖШС банкроттық басқарушысы Алия Кайроллаевна Телегенева банкроттық рәсімін жүзеге асырудан босатылсын.
2. «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Павлодар облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі 2014 жылғы 17 қарашадағы № 2 бұйрығы күшін жойылсын.
3. А.К. Телегенева үш жұмыс күнінен кешіктірмей, есепке алу құжаттамасын, борышкердің мүлкіне құқық белгілейтін құжаттарын, мөрлерін, мөртабандарын, банкротқа тиесілі материалдық және өзге де құндылықтарды жаңадан тағайындалған банкроттық басқарушыға (бар болған жағдайда) беруі тапсырылсын.
4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Павлодар облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті борыштармен жұмыс басқармасының басшысы М.К. Рахметовке жүктелсін.

Басшы



Т. Сәрсембаев